

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Шәкіртақы тағы да өседі

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ЖОО оқитын студенттер шәкіртақысы жыл сайын өсуде. 2025 жылға дейін стипендия екі есе ұлғаяды. Ал, медициналық жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің шәкіртақысы жыл сайын 20%-ға артады.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Студенттердің шәкіртақысын 2025 жылға дейін екі есе ұлғайту жоспарланған. 2025 жылдан кейін де келесі кезеңге дәл осындай өсім болады. Сондықтан, бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемін қарастыру маңызды. Біз жоғары оқу орындарында шәкіртақыны және оқытушы-профессор құрамының жалақысын жүйелі түрде арттыру үшін гранттар құнын да кезең-кезеңмен көбейтеміз», – деп мәлімдеді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Сонымен қоса, Денсаулық сақтау министрлігі 2023 жылы резидентура гранттарының санын 2 500-ге дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Медициналық ЖОО студенттерінің шәкіртақысы жыл сайын 15 және 20 пайызға артады. Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаментінің мәліметінше, 2022 жылы республикалық бюджет есебінен 4 700 білім беру гранты бөлінген. Оның 1 500-і резидентураға арналса, биыл грант санын 2 500-ге дейін көбейту жоспарда бар.

«2025 жылға дейін шәкіртақыны жыл сайын 15% және 20%-ға ұлғайту жоспарланып отыр. Бұл білім алушыларды ынталандырады және жастарды медициналық ЖОО-да оқуға тартуға мүмкіндік береді», – дейді ДСМ ҒАРД директоры Дәулет Алдыңғұров.

• ЖАҢА ФИЛЬМ

Жан тебіrentкен тарихи туынды

«Мүрдемен той жасайтын боласын. Жоктауыңды жаттай бер» дейді, Ғайнижамалға қолы жетпесін білген Мұқан, ашуланып. Өйткені, Ғайнижамал Міржақыппен үйленбекке серт байласқан. Бұл – Қазақстан телерадиокорпорациясы түсірген «Міржақып. Оян, қазақ!» телехикаясының негізгі сюжетінің бірі. Бұдан бөлек, фильмде Алаш қайраткері өмірінің 1909-1935 жылдардағы кезеңі қамтылады. Міржақыптың «Оян, қазақ!» кітабының жарыққа шығуы, қазақтың тұңғыш романы «Бақытсыз Жамалдың» жазылуы, революциядан кейінгі жылдардағы, ашаршылық кезіндегі қоғамдық-саяси қызметі, Қызылорда, Семей, Мәскеудің әйгілі «Бутырка» абақтысындағы жылдары кезек баяндалады. Қоюшы-режиссер – Мұрат Есжан, бас продюсер – Айсәуле Әбілда, сценарий авторлары – Мұрат Есжан, Ұларбек Нұрғалым, Ұшқын Сәйдірахман.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Қуантсаң, баланы қуант...

«AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошановтың бастамасымен екібастұздық 1 мыңнан астам балаға демалыс ұйымдастырылды. Олар қысқы демалысын Семей және Алматы қалаларында, Түркістан, Алматы, Павлодар және Ақмола облыстарының демалыс орындарында өткізуде.

Бұл іске «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы да атсалысты. Партия өкілдері жетекшілік еткен екібастұздық 60 оқушы Алатау бөктеріндегі «Тау күні» оқыту-сауықтыру кешенінде қызыққа толы қысқы демалысын өткізуде.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қыстың қақаған аясында екібастұздық ағайынның басына түскен іс әрқайсысының жанына батты. Мұзға оранған қаланың тұрғындарына көмек беруде ешкім аянып қалмады. Тоңған адамды ғана емес, тоң боп қатқан көңілді жылытқандар көп болды. Екібастұздықтарға көрсетілген көмек мұнымен шектеліп қалған жоқ. Партиялық уәделерді орындау мақсатында бүгінде «AMANAT» партиясы екібастұздық балаларға қысқы каникулын тиімді өткізу үшін демалыс ұйымдастырды.

Ата-аналарының рұқсатымен, балалармен бірге партия аппараты қызметкерлері, мектеп мұғалімдері мен медицина саласы мамандары дайындалып, Екібастұздан әр қалаға жолға шықты.

«Екібастұздық 1 мыңға жуық бала елаумағындағы шипажайларға демалуға аттанды. Ең бастысы – балаларды қуантты, олардың жолдағы қауіпсіздігін қамтама-

сыз ету. Жаңа жыл жағымды оқиғалармен басталып жатқаны қуантады. Балалар Қазақстан қалаларын аралап, құрбы-құрдастарымен танысып, денсаулығын нығайта алады», – деген болатын «AMANAT» партиясының Павлодар облыстық филиалының төрағасы Илья Теренченко.

Екібастұздық 60 балаға жетекшілік етіп, Екібастұздан Алматыға барған «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының саяси жұмыс бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Шаменов:

– Екібастұз қаласынан 60 баламен бірге алты мұғалім, бір дәрігер аттанды. Алдымен Семей қаласына барып, Алматыға пойызбен жолға шықтық. Алматы вокзалының жергілікті полицияның қарауымен автобус балаларды демалыс орнына дейін апарып салды. Қазір балалар Алматы қаласындағы «Тау күні» оқыту-сауықтыру кешенінде демалып жатыр.

Кешенде олар бір апта уақыт өткізеді. Бес уақыт тамақ, tubing парк, қызықты мастер-класстар және әртүрлі ойындар ұйымдастырылады. Балаларды бұл са-

пар таңғажайып әсерге бөлеп, бұл уақыт олардың есінде ұзақ сақталады, – делі Нұрсұлтан Мейрамулы.

Бұл сапарға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «AMANAT» партиясының облыстық филиалы және белгілі азаматтар қолдау көрсеткен. №3 автобус паркінің басшысы А.Григорян 60 балаға лагерьге жолдама алып беріп, демеушілік жасаған.

– Қысқы каникулымыз ерекше өтіп жатыр. Алматының тау бөктерінде шаңғы теуіп, сырғанап жүрміз. Мен осы демалыста жаңа орта, жаңа достар таптым. Біздің жақпен салыстырғанда Алматы жылы екен. Бізге басқа қалаларда демалуға мүмкіндік берген ұйымдастырушыларға рақмет айтамын, – дейді Екібастұздағы №33 ЖББ мектебінің оқушысы Мейіржан Темірболат.

Қысқы демалыс балалар үшін тың серпін беріп, жаңа оқу тоқсанына күш-қуат жинап қайтады. Мұндай мүмкіндікті сыйлаған «AMANAT» партиясына балалардың да, олардың ата-аналарының да алғысы зор.

• РЕСМИ

Президент көңіл айтты

Мемлекет басшысы Ұлы Отан соғысының ардагері Бүркіт Есжановтың отбасына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Ұлы Отан соғысының ардагері Есжанов Бүркіт Есжанұлының дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтамын. Бүркіт Есжанұлы сұрапыл соғысты бастан кешіп, Ұлы Жеңісті жақындатуға зор үлес қосты. Майдан даласында Мәскеу маңын жаудан азат етуге қатысып, Курск қаласын қорғаудағы қанды ұрыста ерен ерліктің үлгісін көрсете білген еді. Бейбіт кезеңде еселі еңбек етіп, елімізді өркендетуге мол үлес қосқан Бүркіт Есжанұлының есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жадында сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын!», – деп жазылған Президенттің жеделхатында.

• ЖЫЛ БАСЫНАН...

Жүйеде өзгеріс бар

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпаратына сүйенсек, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан, еңбекке қабілеттілігінен және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша әлеуметтік төлемдер мөлшері ұлғайтылмақ. Сондай-ақ, бала күтімі бойынша төлемдер кезеңі ұзартылды.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру шеңберінде жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді есептеу үшін қолданылатын табысты алмастыру коэффициенті 40%-дан 45%-ға дейін ұлғайтылды. Енді осы жылы 117 мыңға жуық азаматқа жұмысынан қол үзген жағдайда төленетін әлеуметтік төлем орта есеппен 13%-ға өсіп, артырылған мөлшерде тағайындалады деп күтілуде.

Бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемді жүзеге асыру ұзақтығы 1 жылдан 1,5 жылға дейін ұзартылды. Биыл бұл төлем 500 мыңнан астам ата-анаға тағайындалады деп жоспарлануда.

Бұдан бөлек, еңбекке жарамсыз 78 мың адам мен асыраушысынан айырылған 55 мың отбасыға базалық мемлекеттік жәрдемақыға қосымша тағайындалатын әлеуметтік төлемдер мөлшері 8,5%-ға артты.

● СЕНАТ САЙЛАУЫ

Ұйымдастыру жұмыстары – жүйелі

Өткен жылдың наурызында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының ролін, атап айтқанда, Сенатты қалыптастыру тәртібі мен функцияларын қайта қарауды ұсынған болатын. Яғни, аталған орғандағы президенттік квота 15-тен 10 депутатқа дейін қысқарады. Конституция бойынша әр облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және Астанадан екі депутаттан сайланады. Биылғы Сенат депутаттарының сайлауына облыстан алты адамның кандидатурасы ұсынылып, үшеуі тіркелді. Қазір сайлауға дайындық күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізілуде. Облыстық сайлау комиссиясы да әзірше өтініштер мен шағымдардың түспегенін айтып отыр.

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Қарағанды облысында Сенат депутаттығына өзін-өзі ұсыну арқылы алты кандидат ұсынылды. Ал, біреуін облыстың екі мәслихаты ұсынғанын айту керек. Барлығы Конституция мен «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңның талаптарына сәйкес. Алайда, төртеуі депутаттыққа кандидаттарды тіркеу үшін көзделген құжаттардың толық тізбесін ұсынған жоқ. Осылайша, барлығы үш үміткер тіркелді. Олар — Мұрат Әбілов, Серік Өтешов, Татьяна Шагохина, — дейді Қайрат Нұрқенов.

Қарағанды облысынан Сенат депутаттығына үміткерлердің орташа жасы — 58-де. Олардың біреуінің мамандығы заңгер болса, екеуі — экономист. Бір үміткердің екі мамандығы бар екенін де айтады облыстық сайлау комиссиясының төрағасы. «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес, кандидаттарды тіркеу туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында және орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында жарияланып отырады.

«Бүгінде кандидаттар сайлаушылар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде», — дейді Қайрат Қаршығаұлы.

Сенат депутаттарын барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары



сайлайды. Қарағанды облысында сайлаушылар саны — 204 болса, оның 26-сы — облыстық, 94-і — қалалық, ал, 84-і — аудандық мәслихат депутаттары.

Облыстық сайлау комиссиясы ҚР Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау кезінде учаскелік сайлау комиссиясының ролін атқарады. Бүгінде сайлаушылардың

тізімі нақтыланған. Қажетті құжаттар реттеліп, дауыс беру залы дайындалуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы Жарлығымен Сенат депутаттарының кезекті сайлауы тағайындалғаны белгілі. Осылайша, 2023 жылғы 14 қаңтарда республиканың 20 өңірінде еліміздің заң шығарушы органы

тұратын адам болуы тиіс. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған азаматтарды сайлауға және сайлауға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам, сондай-ақ, заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбай-

● COVID-19

КВИ қаупі сейілген жоқ

Денсаулық сақтау министрлігінің 5 қаңтардағы мәліметі бойынша, елде 211 адам коронавируспен, тағы сегізі коронавирусты пневмониямен ауырған. Мұның алдындағы тәулікте ауырғандар саны 115 еді. Жалпы, індеттің таралуы желтоқсанда қараша айымен салыстырғанда 2,3 есе өскен.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»



Кешегі дерекке сәйкес, 2 589 адам ем алып жатыр. Стационарда жатқаны 283 наукас болса, қалған 2 306-сы амбулаторлық деңгейде емделуде. Ауыр жағдайда — 12, аса ауыр жағдайда — 5 адам жатыр. Үш наукас өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған. Жыл басынан бері 5 қаңтарға дейін облыста 27 жағдай тіркеліпті. Өткен тәулікте 18 жағдай тіркелді. Барлығында дерлік ауру белгілері байқалған. Пандемия басталғаннан бері облыста барлығы 163 117 адам ауырды. Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, коронавирустың таралуы 2,2 есе төмендеген. Осы аптада 57 адамда індет анықталса, алдыңғы аптада ауырған 124 адам тіркелді. Облыс «жасыл» аймақта.

Коронавируспен әлем болып күресіп жатқанымен, катерді толығымен жою әлі де мүмкін болмай тұр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде әр апта сайын он мыңдаған адам өледі. Бұл мәлім деректер ғана, белгісіз қаншама. Ұйым қазір айналымда жүрген «омикронның» бірнеше штамын зерттеуде. Ондағы сарапшылар вирус неғұрлым көп таралса, соғұрлым оның мутация қаупі артады деген пікірде. Дегенмен де, шетелдік мамандар індеттің таралуы тағы артады деп болжайды. Өлім-жітім пан-

демияның алғашқы жылдарындай емес, азаймақ. Себебі, аурудың ауыр түрлері мен асқинуынан қорғайтын мүмкіндік бар.

Жаһандық ұйым Қытайдағы қазіргі эпидемиологиялық жағдайға алаңдаулы. Желтоқсанның соңынан бері Қытай елі коронавирус жұқтырғандар туралы дерек беруді тоқтатқан. Ондағы коронавирустың жаңа толқынынан кейін АҚШ, Франция, Аустралия, Канада, Ұлыбритания сияқты бірқатар елдер Қытайдан келетіндер үшін міндетті COVID-19 тестілеуін енгізді. Марокко қытайлық саяхатшылардың ел аумағына келуіне тыйым салды. Ал, Қазақстан билігінің елге келген Қытай азаматтары үшін қандай да бір шектеу мен күшейтілген шаралар енгізу жоспары жоқ.

Министрліктің мәліметінше, өңірлер «сарыға» өткен кезде наукаспен жақын байланыста болғандарды, вакцинацияға қарсы көрсетілім бар адамдарды қашықтан жұмыс істеуге жіберу, білім беру мекемелерінде бірлескен шаралар өткізбеу сияқты шектеулер қолданылады. Ал, «қызыл» аймақта болса, жиын, кенестер онлайн форматта өтеді. Жабық ғимараттарда, қоғамдық көліктерде маска тағу, Ashyq қосымшасын пайдалану міндеттеледі әрі мекеме қызметкерлерінің 30%-ы қашықтан жұмысқа көшуге тиіс болады.

● ФОТОРЕПОРТАЖ

Қала қардан тазартылуда

Қар құрауында қалған қала көшелерін тазалау жұмыстары тәуліктік режимде жүріп жатыр. Бүгінде қала бойынша 180 арнайы техника, 192 жұмысшы жұмылдырылып, жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Жұмысшылар екі ауысыммен істейді. Олар көше көмкерген қарды тазалап қана қоймай, қатқан қоғала мұздан да арылтуда. Оның ішінде, қала кіреберістері, жаяу жүргіншілер жолы, автокөлік жолдары мен аялдамалар алаңқайы бар. Жалпы, қала әкімдігінің хабарлауы бойынша 13,5 мың текше метр қар шығарылған. Сондай-ақ, облыс бойынша аулаішілік аумақтар мен жеке сектор көшелерін тазартуға еріктілер қатары белсенді қатысуда. Бастамаға мемлекеттік қызметшілер, 5516 әскери бөлімінің, ПНК, ПМ Академиясының қызметшілері және өзге де жастар қосылды. Еріктілердің бұл бастамасы жұмыстың жеделдеуіне айтарлықтай сеп болды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Ақтүтек боранның алғашқы күндері арнайы техника мен жұмысшылар тынбай жұмыс істесе де жапалақтап жауған қар мен сырғаға тоқтау бола алмады. Қаңтардың

үшінен бастап сокқан майборанның машақаты жол таңдамайтын көліктерді де матады. Осыған байланысты қаланың басты көшелерінде қар тазалау жұмысы үздіксіз жалғасуда.

Аптаға жуық жауған қар қала аулалары мен көлік жүретін көшелерді түгел басып қалған. Көліктерін бораннан бұрын тұраққа қойған тұрғындар енді оны қардан



аршып әлек. Майборанның соңы ери бастаған соң тіпті, қар соқтала-нып қатып та жатыр.

— Бұлай қар алып қалады деп ойламадық. Жаңа жылдың басында ғана қойып кетіп едік көлікті. Боран басылған соң шығара қояйын десем, көріп тұрғандарыңыздай қар құрса-



уында қалыпты, — дейді Ермеков 44 көшесінің тұрғыны Саят Қалиасқар. Тұрғындар таңданардай-ақ бар. Себебі, табиғаттың бұл құбылысы адам түтілі дала аңдарын да сарсаңға салды. Әлеуметтік желіде жарияланған Қарағанды-Жезқазған бағытындағы тас жолдың үстіне жиналған ақбөкен табыны сөзімізге айғақ.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫНА – 1 ЖЫЛ

Өткір сауалға – өтімді жауап

Депутаттар Мәжілісте өткен жылғы қаңтарда болған қайғылы оқиғаларға қатысты екінші рет Бас прокурор мен құқық қорғау органдары басшыларының ақпаратын тыңдады. Отырыс басында Қаңтар оқиғасында қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Отырыста Парламент Мәжілісінің депутаты Еділ Жаңбыршин «Қасіретті Қаңтар» оқиғасына байланысты халықтың көкейінде әлі де көп сұрақтар бар екенін айтып, депутаттық сауалды ҚР Бас прокуроры Берік Асылловқа жолдады.

Бүгінгі күні болған оқиға туралы толық түсінік қажет. Елді ыдырату үшін жасалған опасыздардың жүйелі қимылы, қырағы дайындығы туралы тек қана болжамдар бар. Қазір қоғамда түрлі қауесет тарауда. Сондықтан, құқық қорғау органдарының тергеу амалдарының қорытындысына сүйенген мән-жай ашық айтылып, оның әділ бағасы берілуі керек деп санаймыз, – деді Еділ Терекбайұлы.

Бас прокурор бұл оқиғаға төңкеріс жасауға ұмтылған ұйымдасқан топтың әрекеті деп баға берді әрі тергеу әрекеті аяқтауға жақын екенін мәлімдеді. Яғни, Қаңтар оқиғасының барлық мәліметтері толық қалпына келтірілген. Ал, басты мақсат – депутаттар арқылы болған оқиғаны отандастарға шынайы жеткізу.



Тергеу органдары оқиға хронологиясын, негізгі ұйымдастырушыларды анықтады. Олардың ішінде жоғары лауазымды шенеуніктер мен ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері болды. Қайтыс болғандардың кім екенін, қайтыс болу себептерін зерттеді. Қару-жарақты іздеу жалғасуда, – деді Берік Ноғайұлы.

Сондай-ақ, «Президентіміздің арқасында елге төнген қауіп-қатердің беті қайтты» деген Берік Асыллов елімізде бейбіт митинг өткізу мәдениетінің қалыптаспағанын да айтты.

Мәжіліс спикері Ерлан Қошанов та Қаңтар оқиғасы билікті басып алудың мұқият жоспарланған әрекеті екенін анық дәлелдейтін фактілер ұсынылғанын атап өтті. Ал, оны ұйымдастырушылар адамдарды және бейбіт митингілерді пайдаланып кеткен.

Бұл ашығын айтқанда, Тәуелсіздікке жасалған қастандық болатын! Бірақ Президентіміздің ерік-жігері, халқымыздың ақыл-парасаты мен бірлігі, қатардағы полицейлердің, дәрігерлердің, еріктілердің ерлігі арқасында біз мемлекеттігімізді

қорғап, бейберекетсіздікке жол бермедік, – деді ол.

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов болса, Мемлекет басшысының тапсырмасымен тәртіпсіздіктер барысында ұсталған 255 адам жазасын жеңілдететін мән-жайларды ескере отырып, қамаудан босатылғанын айтты.

Қаңтар айындағы оқиғаларға байланысты полиция 4623 қылмыстық іс тергеді. Олардың көпшілігі кісі өлтіру (91), ұрлық (2504), қарудың заңсыз айналымы (440), вандализм (368), бөтеннің мүлкіне қасақана зиян келтіру (188), – деді министр.

Отырыста тәуелсіз тергеумен айналысып жүрген, сондай-ақ, оқиғалардың бел ортасында болып, қиындықтарды бастарынан өткерген қоғам белсенділеріне, полицейлерге, дәрігерлерге, кәсіпкерлерге, еріктілерге сөз берілді.

Ал, Ерлан Саиров Қаңтар оқиғасы жүйелі әділетсіздіктен шаршаған азаматтардың бейбіт наразылығынан басталғанын айтады. Яғни, азаматтардың бейбіт, фактіге негізделген талаптарын реваншистер пайдаланып кетті.

Олардың саяси-экстремистік арандатушылық әрекеттерінің нәтижесінде жаппай тәртіпсіздіктерге жол беріліп, мемлекеттік органдарға қарулы шабуыл жасалған.

Мәжіліс депутаты Айдос Сарым да бұл пікірді қолдап отыр. Ол бейбіт шеру мен жаппай тәртіпсіздікті, бейбіт наразылық пен мемлекеттік төңкерісті шатастырып алмау керектігін айтты.

Қаңтар оқиғасы кезінде мемлекетті сақтап қалған екі фактор бар. Бірі – қазақ халқының парасаты мен бірлікке деген ұмтылысы. Екіншісі – Президентіміз дер кезінде қабылдаған тарихи шешімдер. Мемлекет басшысы сол күндері табандылық танытпағанда, Қауіпсіздік кеңесінің тізгінін қолына алмағанда, адам шығыны жүздеген емес, мыңдаған адаммен есептеліп, қаралы тізім әлі күнге дейін жалғасатын еді, – дейді ол.

Спикер Ерлан Қошанов Қаңтар оқиғасы туралы ақпаратты қасақана бұрмалауға мүдделі топтардың ел ішінде де, сыртында да бар екенін атап өтті.

Бірлігімізге балта шапқысы келетін, елдігімізге сына қакқысы келетін реваншистік күштер аз емес. Осыны ұмытпайық. Халықтың әділетті Қазақстанға деген үміті оянып, сенімі артып келеді. Баршамыздың алдымызда бұрынғыдан да маңызды, зор міндеттер тұр. Біз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қолға алған реформаларды іске асыру жолында тастүйін ұйысуға тиіспіз, – деді ол.

Отырыс соңында Мәжіліс Төрағасы қаңтар трагедиясынан болашақта оның қайталануын болдырмау үшін дұрыс сабақ алу маңызды екенін айтты.

Зардап шеккендерге көмек көрсетілді

Қасіретті Қаңтар оқиғасына да жыл толды. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры сол кезде зардап шеккен 540 адамға 2 млрд. 112 млн. теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаза тапқан 19 әскери қызметшінің, ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасыларына – 133 млн. теңге (7 млн. теңгеден), ауыр жарақат алған 111 әскери қызметшіге, ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлеріне – 333 млн. теңге (3 млн. теңгеден), қаза тапқан әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары мен Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің отбасыларындағы 23 көмелетке толмаған балаға – 46 млн. теңге (әрбір балаға 2 млн. теңгеден) берілді. Сонымен қатар, оқиғаның кездейсоқ құрбаны болған 135 азаматтың отбасыларына – 945 млн. теңге (7 млн. теңгеден), кездейсоқ құрбан болған қаза тапқан азаматтардың отбасыла-

рындағы 101 көмелетке толмаған балаға – 202 млн. теңге (әрбір балаға 2 млн. теңгеден) табысталды.

Ал, атыс қаруынан зардап шеккен және жәбірленуші деп танылған 138 ауыр жараланған көмелетке толған азаматтарға – 414 млн. теңге (3 млн. теңгеден), жарақат алған 13 баланың отбасыларына – 39 млн. теңге (3 млн. теңгеден) аударылды.

Қор сайтында қаржылық көмек алған азаматтардың тізімі толық жарияланды. Қазіргі уақытта Қор Қасіретті Қаңтардың кездейсоқ құрбаны болып, қаза тапқан азаматтардың 12 отбасына және 131 ауыр жараланған көмелетке толған азаматтарға қайырымдылық көмек көрсетуді жалғастыруда.



ОЦК іске қосылды

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда мемлекеттік қолдау шараларын проактивті тағайындау жұмыс режимінде Отбасының цифрлық картасы (ОЦК) іске қосылды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Отбасының цифрлық картасы «Smart Data Ukimet» аналитикалық жүйесімен интеграцияланған, ол жүйеде мемлекеттік органдардың барлық дерекқоры жинақталған. Сондай-ақ, табыс деңгейі, жылжымалы және жылжымайтын мүліктің бар-жоғы, отбасы құрамы, кредиттің болуы, т.б. ақпараттарды анықтауға болады.

Бүгінгі таңда Отбасының цифрлық картасы базасында Қазақстанның 19,5 млн. азаматы немесе 6,3 млн. отбасы туралы ақпарат жинақталған. Қолда бар деректер негізінде экономикалық, әлеуметтік, тұрғын үй жағдайлары, денсаулық және білім бойынша отбасының әл-ауқат деңгейін бағалауға және қадағалауға мүмкіндік беретін талдаулар жүргізіледі. Ал, әлеуметтік тәуекел туындаған жағдайда ОЦК жәрдемақы немесе әлеуметтік төлемді проактивті түрде алуға мүмкіндік береді. Ол үшін ОЦК арқылы әлеуметтік жәрдемақы алушыға SMS-хабарлама жіберіледі және оң жауап болған жағдайда оған тиісті төлем тағайындалып, қаражат банктік шотына аударылады.

Былтыр 1 қыркүйектен бастап Отбасының цифрлық картасы пилоттық режимде іске қосылған болатын. Апробация кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін барлығы 56,9 мың SMS-хабарлама жіберіліп, жауап берген 12,9 мың азаматқа қол-

дау шаралары көрсетілді. Қазіргі таңда ОЦК-да жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша қызметтер алуға болады: жүктілікке және босануға байланысты төленетін әлеуметтік төлем, бала күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы, жұмысынан, асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдер, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-анаға (қамқоршыға) берілетін жәрдемақылар, мүгедектігі бойынша әлеуметтік төлемдер, көпбалалы отбасыларға берілетін және «Күміс алқа», «Алтын алқа» медальдарымен марапатталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақылар және атаулы әлеуметтік көмек алуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, азаматтарға ОЦК арқылы зейнетақы төлемдерін алу мүмкіндігі туралы автоматты хабарлама жіберіледі. 2023 жылы әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтер тізбесі кеңейтіледі.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізіледі. 2025 жылдан бастап жоғарыда аталған үш салада мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылмақ. Алаяқтық тәуекелін болдырмау мақсатында 1414 бірінші байланыс орталығынан келіп түскен SMS-ке жауап беру қажет.

БРИФИНГ

«Айта, айта Алтайды, Жамал ана қартайды» демекші, өңірдегі экологиялық ахуал турасында айтуға келгенде, Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің өкілдері керісінше шаршамайды, талмайды. Бұл жолы ведомство басшысының орынбасары Дархан Исжанов журналистерге берген сұхбат барысында жаңа экологиялық кодекстің мазмұнына тоқталды. Спикердің сөзінше бұл кодексе қоршаған ортаға әсерді бағалаудың жаңа қағидаттарын қамтиды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ластаушы төлейді әрі түзетеді». Басты қағидат – осы. Тұжырым алғаш рет Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының сарапшылары тарапынан 1972 жылы әзірленген. Тұжырымдама ластанудың алдын алу және бақылау шараларын, сонымен қатар, қоршаған ортаға зиян келтіруден қалпына келтіру жауапкершілігін білдірді. Аталмыш принцип іс-қимыл жоспарына енгізіле салысымен-ақ 1973 жылы Еуропалық Одақ елдері қоршаған ортаны қорғау жөніндегі алғашқы оң нәтижелерге қол жеткізді.

Мемлекет табиғат пайдаланушы-

Жаңа экологиялық кодекс не дейді?



ларға экологиялық айыппұлдар төлеуден гөрі қоршаған ортаға теріс әсер етудің алдын алу бойынша барлық шараларды қабылдау тиімдірек болатын жағдайлар жасауға тиіс. Осы қағидатқа сүйене отырып, кодексте ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізу негізінде кешенді рұқсаттар, экологиялық заңнаманы бұзған кезде шараларды қатаңдату көзделген.

Ескі экологиялық кодексте зиянды шығарындыларды экономикалық бағалаудың тікелей және жанама әдістері қарастырылған. Алайда, табиғатты пайдаланудың бұл тетігі қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетуге айтарлықтай ынталан-дыра қоймады. Өз кезегінде бұл мәселе жаңа қағидат енгізуді талап етті, – деп мәлімдейді Дархан Ерғалиұлы.

Салыстырмалы түрде қарастырсақ, облыста 2019 жылы қоршаған ортаға эмиссиялар үшін бюджетке түсетін түсімдер шамамен 16,7 млрд. теңгені, 2020 жылы 18,5 млрд. теңгені, 2021 жылы 18,3 млрд. теңгені құраған. Жаңа кодекске сәйкес, 2022 жылдан бастап аталған соманың барлығын дерлік жергілікті атқарушы органдар өңірдің табиғатты қорғау

дыктары тұтас қала тұрғындарының басын ауыртып, кеңірігін ашытып отыр емес пе? «Бақылау өз деңгейінде қашан жүргізіледі», – деген сыни сұрағына департамент өкілі былай делі.

Бұл орайда зиянды шығарындыларды бақылаудың автоматтандырылған жүйесі қалыптасуда. Кәсіпорындар қызметінің ашықтық деңгейін арттыруға, деректердің объективтілігін және уақтылы ден қоюды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. I санаттағы нысандар үшін деректерді уәклетті органға бере отырып, өндірістік экологиялық мониторингті міндетті автоматтандыру жолға қойылуда.

Жаңа жүйені енгізу эмиссиялар көрсеткіштерін онлайн режимде қадағалауға, заң бұзушылықтарға уақтылы ден қоюға, халықты сенімді және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге, мемлекеттік экологиялық бақылау кезінде сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмауға мүмкіндік бермек. Жалпы алғанда, жаңа экологиялық кодекстің дегенін іске асыру елдегі экологиялық ахуалды түбегейлі жақсартмақ.

Р.С.: Санасы серілмеген жұрттың табиғатты аялауға шамасы да жетікпірмей жатқанын көзіміз көріп тұр-ау. Дегенмен, өңірдегі экobelсенділер мен амбассадорлардың қарқыны тегеурінді. Облыстық, қалалық қоғамдық кеңес мүшелері де «Экология болашағы – өз қолымызда» деп қана қоймай, экомәдениетті сипіруде өлшеусіз үлес қосуда. Жаңа экологиялық кодексе бұқпантайлақ пияғыздағыларды бұлтартпайтын экология қарауылына айналады деген сенім бар, әзірге...



● МЕРЕЙ

Тамыры терең басылым

Балқаш қалалық «Балқаш өңірі» газетіне 90 жыл толуына орай салтанатты жиын өтті. М.Хамзин атындағы сарайдағы іс-шара газет тарихынан сыр шертетін «Ақпарат айдынының алыбы» деректі фильмімен басталды. Сондай-ақ, жақында жарық көрген «Тамырын тартқан тереңнен» жинағының тұсауы кесілді.

«Балқаш өңірінде» жүздеген қаламгердің қолтаңбасы қалды. Өз ісінің кәсіби шеберлері, тұма таланттар еңбек етті. Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр жастар осы редакциядан қанаттанды. Газетке осындай баға берген Балқаш қаласының әкімі Қайрат Камзин басылымның өркендеуіне зор үлес қосқан азаматтарды марапаттады.

Белгілі өлкетанушы, газет іргетасын қалаушылардың бірі Күләш Сардарбекке – «Қарымды қаламгер» номинациясын, Алаштың ақиық ақыны, жерлесіміз Абзал Бөкенге – «Сөз зергері» номинациясын, ұзақ жылдар бойы газетті басқарған, бірнеше буын журналисті тәрбиелеп шығарған жазушы Жанболат Башарға – «Көркем сөздің кемеңгері» номинациясын, акын, сазгер, газеттің жауапты хатшысы – осы жолдардың авторына «Алтын қалам» номинациясын табыс етті. Жастайынан «Балқаш өңірі» газетін үзбей оқитын Зейнел Қағазбекті «Үздік оқырман» номинациясымен марапаттады.

Сонымен қатар, айтыскер акын, газет жанашыры Бақытжан Әріновке – «Шабыт» номинациясын, газет



тілшісі Еркеназ Бақторазқызына – «Үздік журналист» номинациясын, бірі қалмай газетке тұрақты түрде жазылып тұратын «Балқаш Универсал» ЖШС ұжымына «Үздік жазылушы» номинациясын тапсырды.

Сондай-ақ, газетті бірнеше жыл басқарған қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисі Оралбек Жүнісұлы «Очерк маманы» номинациясына лайық деп танылды.

Әр жылдары газетте қызмет етіп, журналистика саласының дамуына және басылымның өсіп-өркендеуіне қосқан сүбелі үлестері үшін бір топ қаламгер мен газет қызметкері, газет жанашырлары қала әкімінің Құрмет грамо-

тасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облысы бойынша филиалының өкілі Әли Тойжігіт отандық журналистиканың дамуына қосқан

Балқаш қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Балқаш телестудиясының директоры қызметін атқарған Жазбек Төленидов, акын Әбіл Кәріпбай, белгілі қаламгер Қараман Айтжанұлының есімдері ерекше аталады. Торқалы тойда Жазбек Сатымбекұлының жұбайы Кәмпіт анамызға, Қараман Айтжанұлының зайыбы Күміс Танабайқызына гүл шоқтары табыс етілді. Жиналғандар, өкінішке қарай, бүгінде ортамызда жоқ барша қаламгерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Марқұмдардың портреті экраннан көрсетілді.



үлесі үшін Жанболат Башарға «Қазақстанның Құрметті журналисі» төсбелгісін тапсырды.

Газетте елімізге танымал көптеген журналистер еңбек етті. Солардың қатарында

Салтанатты жиын концерттік бағдарламаға ұласты.

Қуандық МАҚСҮТҰЛЫ

БАЛҚАШ

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Кентте жаңа кешен салынады

Биыл Абай ауданының Топар кентінде жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешені салынады. Екі қабатты ғимаратта волейбол, баскетбол, үстел теннисі ойындары үшін әмбебап залдар, жаттығу және күрес залдары болады деп күтілуде.

Жалпы алаңы 1601 шаршы метрге тұрғызылатын ғимараттың жобалық-сметалық құны 493,857,4 мың теңгені құрайды. Тапсырыс бе-

руші Абай аудандық құрылыс бөлімі, орындаушы «Astana koktem group» ЖШС. Ғимарат 2023 жылдың маусым айында пайдалануға беріlmек.

Аталған серіктестік құрылысшылары қазірге дейін кенттің қак ортасынан құрылысқа бөлінген аумақты қоршап, ғимараттың түпорнын қазып, даярлап қойды. Енді көктем шыға негізгі жұмыстар қолға алынбақ. Кешен ашылғанда топарлықтар сан алуан спортпен шұғылданып, жаттығып, денсаулықтарын жақсартып, ширатуға мүмкіндік алады.

Абай ауданы

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»



● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Сәбилерге сыйлық

Нұра ауданына қарасты Изенді ауылдық округіндегі Отқанжар серіктестігінің жетекшісі Аслан Қанатұлы өңір халқына еңбегімен ғана емес, үлкен жүректі меірімділігімен де жақсы таныс. Оның бір көрінісін мына бір рәсім айқындай түседі.

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»



Аслан Қанатұлы еліміздегі әр жылғы мерекеге орай округте дүниеге келген сәбилерге Жаңа жыл қарсаңында ақшалай сыйлықтар тарту етеді екен. Көпке үлгі боларлық осы бір озық рәсім биыл да жалғасып, өткен жылы дүниесігін ашқан 11 балаға 31 мыңнан сыйлық табыс етті.

Балаларын бақытым деп білетін

ел үшін бұл сыйлық ерекше қуаныш болғаны шын әрі дәл осы мереке балалар есінде мәңгі сақталары сөзсіз. Игі дәстүрге айналған салтанатты шарада балалардың ата-аналары, туыстары мен ауылдастары Аслан Қанатұлына көп алғыс айтты.

Нұра ауданы

● МЕДИЦИНА

Балқаш медициналық оңалту орталығы жаңа жабдықтармен толықты. Атап айтқанда, заманауи ультрадыбыстық терапия, ультракүлгін сәулелену, парафин терапиясы, инверсиялық үстелдер, электростимуляция және амплипульстерапия аппараттары орналастырылды.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тәулігіне 40 адамды қабылдайтын орталықта 8 күндігі емдеу орны қарастырылған. Бірінші қабатта тіркеу орны мен лифт, екінші қабатта оңалту терапиясынан өтуге арналған медициналық жабдықтары бар залдар, үшінші қабатта ем-шара кабинеттері мен тәулік бойы жатуға арналған палаталар орналасқан. Балқаш қаласының медициналық оңалту орталығының басшысы Владимир Омельченконың айтуынша, орталықта

Жаңа жабдықтармен толықты



қалпына келтіру емі мен оңалтудың жаңа технологиялары енгізіліп, тиімді қолданылады.

— Қазіргі таңда отандық медицина саласында науқастарды оңалту шараларының маңызы арта түсуде. Ауыр өткен сырқаттанудан соң немесе жол апатына түскен-

нен кейін денсаулықты қалпына келтіру үшін оңалтудан өтудің мәні зор. Бұл ретте балқаштықтар үшін мүмкіндіктер кеңейіп келеді. Емделушінің оңалуы үшін жеке бағдарлама жасалады. Учаскелік дәрігердің жолдамасы арқылы емдеу тегін жүргізіледі, — дейді Вла-

димир Омельченко.

Айта кетейік, оңалту орталығына қажетті құрал-жабдықтарды алу, қажет мамандарды тарту, олардың біліктілігін шыңдау жұмыстары жалғасатын болады.

БАЛҚАШ

● КЕЗДЕСУ

Қазыбек би ұрпағымен кездесу



Жыл соңында Бұқар жырау ауданының тарихи-өлкетану мұражайының ұйымдастыруымен Қаздауысты Қазыбек би бабаның туғанына 355 жыл толуына орай оның жетінші ұрпағы Мұрат Жұмажанұлымен кездесу өтті. Ол жиналған жұртшылыққа өзінің қасиетті бабасы туралы білген, естігенін айтып, шешендік сөздері мен дау-шарды шешкен мысалдарын әңгімеледі.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл тағылымды басқосуда арнайы шақырылған ауданның Құрметті азаматтары Қанағат Жұ-

машұлы, Төкен Арбабайұлы және зейнеткер Тілеубек Есмағамбетов қазақтың Ұлы бні жайында ойларымен бөлісті.

Кеш соңында мұражай ұжымы атынан Мұрат Жұмажанұлына шапан жабылып, аудандық Мәдениет үйінің қызметкері Азамат Амантайұлы әннен шашу шашты.

Бұқар жырау ауданы

● БАСПАНА

Кеншілер қаласындағы қоныстой

Жаңа жыл қарсаңында кеншілер қаласы Шахтинскіде үй кезегінде тұрған 60 отбасы жаңа пәтердің кілтінә не болып, қоныстой жасады. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша салынған бес қабатты ғимараттағы үш бөлмелі жеті пәтер көпбалалы отбасыларға берілді.

Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»



Жаңа үйден 16 пәтер жетім балаларға бұйырса,

сынан да жаңа баспанаға қол жеткізгендер бар.



Солардың бірі Надежда Никульчаның қуанышында шек жоқ. Ол бұған дейін сегіз жыл кезекте тұрып, бала-шағасымен үй жалдап күн кешкен екен.

мүгедектігі бар Светлана Щеракова бір бөлмелі пәтерге қоныстанды. Ол мұның өзі жаңажылдық сыйлық болғанын айтады. Сол сияқты халықтың осал топтары ара-

Жаңа пәтерлердің кілтін қала әкімі Мұрат Қыдырғанбеков салтанатты түрде табыс етті.

ШАХТИНСК

• ТАРИХИ ТҰЛҒА

Мемлекеттік тәуелсіздік — рухани тәуелсіздіктің кепілі. Бұл құндылықтар бірінсіз бірі жоқ. Сонымен бірге, мемлекеттік тәуелсіздік рухани тәуелсіздіктің нығайып кетуіне қажет негізгі алғышарт болғанымен, соңғысы көзге көрінбейтін өрмекшінің шырмауындай мыңдаған жіппен бұрынғы метрополияның рухани кеңістігіне байлаулы болады. Бастапқы табиғи арнасына түсіп кетуі үшін оған біраз уақыт керек.

Біздің қазіргі мәдениетіміз сондай талпыныс жағдайында. Сондай-ақ, бұл әрекет онайға түсіп жатқан жоқ. Қиын және баяу жүруде. Тура осы мазмұндағы әрекеттердің бірі – халқымыздың тарихи жадын қалпына келтіру, ерте ғасырдан бері үзіліссіз келе жатқан, жазба тарих үлгілерін жариялау. Сол арқылы түрлі тарихи кезеңдерде халқымыз, оның даналары мен зиялылары шешкен (немесе шешуге тырысқан) құндылықтарды белгілеу.

Осы мәселелерді түсініп отырғандықтан, халқымыз қазіргі кезде өзінше бір ояну дәуірін бастан кешіріп отырғандай халде. Соңғы жылдары көптен бері көзден ғайып, көңілден таса болған құндылықтарды еске түсіре бастадық.

Қазақ халқындағы ұрпақ арасын үнемі жалғап ұстап тұратын қымбат та, ғажап дәстүрдің бірі – ата-баба әруағын өзгеше құрмет тұту. Құрмет тұтқанда, есімін естен шығармай, шамасы жеткенше жадына тоқып, ол білгенін өзінен кейінгі буынға үйретіп кетуге ұмтылу. «Әлі риза болмай – тірі байымайды» деген мақалды тудырған халқымыз оны ризалаудың жолын кейбір мұсылман елдеріне ұқсап, тек Құран бағыштаумен шектеп қоймаған. Жетісін, қырын, жылын берген, егер ұзақ жасап, армансыз өткен кісі болса, соңғы жиынын үлкен думанға айналдырып, ат шаптырып, балуан күрестіріп, бйге таратқан. Бірақ, бұның да өткінші ғана оқиға боларын терең түсінгендері шығар, әруақтың басына күмбез тұрғызып, ескерткіш орнатқан.

Әйтсе де бұл секілді өзгеше құрмет екінің біріне бұйыра бермейді, екінің түгіл мыннан біріне де бұйырмақ емес. Дегенмен, соңына әулетті ұрпақ қалдырған кез келген ата-ана дәл осындай болғанымен, өзінің әлеуметтік дәрежесі мен орнына лайық құрмет демеуге хақылы. Әлбетте, оны тұрмыс пен жағдай шешеді. Мұндай тілектен де, ниетте де пендешілік басымдау жататыны рас. Соны түсінгендей, біздің қанағатшыл ата-бабамыз құлпытас қойғыздырмай-ақ мәңгілік ескерткіш орнатудың, яғни келер буын жадынан мәңгі өшпешудің өте оңтайлы жолын тауып, соны ұрпақ санасына ана сүтімен бірге сіңіріп кеткен. Ол – шежіре тарату дәстүрі.

Соңғы жылдары тарихи қайраткерлерді еске алу, олардың халық алдындағы еңбегін ардақ тұту дәстүрі қалыптасып келеді. Бұл ұлттық оянудың нышанын білдіретін ұнамды құбылыс. Белгілі адамдардың мерекелі мерейтойларын атап оту, олар туралы жаңа деректер жариялау, аттарын мәңгілікке қалдыру, шараларын қолға алу жалпы елдік тарихымыздың толығып, бірсал табуына септессе, құба-құп.

Ертеде өмір кешкен хандар, батырлар, билер, жыраулар, шешендер тұлғасын асырмай да жасырмай таныстыру адалдықты да, әділеттілікті де керек етеді. Белгілі бір тұлғаны дәріптеу үшін екінші бір қайраткерді әдейі төмендеткісі келу – ең жарамсыз тәсіл.

Мұрат кім? Оның қазақ елі тарихында, оның ішінде Қарағанды өңірінде алатын орны қандай?

Бұл жөнінде бүгінгі ұрпақтың аз да болса мағлұмат алғаны орынды.

Алтай бабамыздың алтыншы ұлы Мойын (Тілеуберлі) – кезінде бай да, батыр да болған, артында сөзбен жер қайыстырған ұрпақ қалдырған Орта жүздің белді тұлғасы. Өзінің тарихи шежіресінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Мойын бабамызды өте жоғары бағалаған.

Шежіренің барлық нұсқасында бірдей айтылатын тағы бір аңыз тікелей Мойын бабамызға қатысты. Бабамыздың биік парасаты, ұрпағына айтқан сыны, көрегендігі сөз болады.

Мойынның баласы Мұрат әбден азамат болып, атқа мінген шақта, бір күнде түс көріп әкесіне жорытқан екен.

– Мен түсімде алтын ер-тұрманды сәйгүлік ат мініп, көш бастап келе жатыр екенмін, – депті ұлы Мұрат.

– Сенің түсің жақсы екен!, – дейді әкесі разы болып, – түсінде тұлпар мініп, көш бастасаң, ұрпағың сән-салтанатты, бай болады екен. Өзің құтты қоныс, кең өріс ашады екенсің.

Бабаның бұл болжамы шындыққа айналады. Мұрат ұрпағы жақсы өсіп-өніп, сән-салтанатқа, бақ-дәулетке кенеледі. Мұраттан атақты Бекайдар би мен Игілік би шықты.

Белгілі мемлекет қайраткері Әбілқазы Қалиақпарұлы (Мұрат бабамыздың ұрпағы) 1997 жылы жазған Мұрат руының шежіресі жарық көрді. Бұл еңбекте Әбекең айтуынша, қазіргі заманда шежірені білетін және оны тасқа таңба басқандай

жіліктеп айтар жоқтың қасы. Міне, сондықтан біраз уақыт ішінде атақты зерттеушілердің де, әуеской зерттеушілердің де жазғандарын қайта-қайта ой елегінен өткізіп, олармен алғаш рет жүздескен едім.

Өкінішке қарай, Әбекең, өзінің айтуынша, Мұрат руының толыққанды шежіресін жасай алмады. Дегенмен, осы руды аталарға жекелеп болса да, тарката алатын адамдардың айтуымен нақтылай толықтыра жаңа шежіре жасауға тыры-

жайында қарапайым ел аузында айтылатын сөз, аңыз-әңгімелер жетерлік.

Бекайдар би – озық ойлы, шешен де көсемсөзді адам болған. Бекен айтты деген өнегелі сөздер ел ішінде әлі де ұлағатын сақтауда. Ең бастысы – еліне пана, жеріне қорған, көпшілікке өнеге Бекайдар сияқты Ұлы бабаларымыздың Ұлы көшінің жалғастырушысы екенін ұрпағы ұмытпайды.

Енді атақты бидің ел арасында тарап

Қара қылды қақ жарған Бекайдар би



сып бақтым.

Мұрат атамыздың немересі Бекайдар би және оның заманы, замандастары, сол тұстағы оқиғалар жайлы күні бүгінге дейін ғылым мен әдебиетіміздегі деректің дені қазақтың ру шежіресі мен ел ішінде сақталған әр алуан аңыздарда келіп жетеді. Сол себептен жоғымызды түгендеу, барымызды баршаның игілігіне айналдыру шарасы өрістей беруі керек.

«Бекайдар би кім?» деген сұраққа жауап беру үшін біз де шежірелерді сүзіп шықтық.

Жариялаған шежірелерге қарағанда, оның ішінде Ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің «Қазақ шежіресі» атты кітабында (Алматы, Жалын, 1993, 26-27 беттер) мынадай қызық деректер келтірген. Әлмәмбет Төртеу – Жылқайдар, Қожағұл, Қалқаман, Бекайдар. Бекайдардың үш қатынынан он бір бала туады. Төмен бәйбішеден үш ұл тапқан: Елібай, Жайықбай, Теңізбай. Төмен бәйбішеден кейін Салия атты қатын алған. Одан туған Төлебай, Дербес, Қожамсейіт, Кенжәлі. Үшінші қатын Баяудан: Ізбасар, Баба, Қаражігіт, Жанәлі.

Шежірелердің барлық нұсқасында бірдей айтылатын тағы бір аңыз тікелей Бекайдар биге қатысты. Мұрат бабамыз күндердің бір күнінде үйленген немерелерін үйіне шақырып алып: – Ей, балалар, қайтыс болған ағаларының қатыны Төмен жесір қалды, соны біреуің алмайсындар ма?

Немерелері:

– Ата, біз Төмен жеңгемізге үйленбейміз, – деп жауап берген екен.

Сонда бабамыз далаға шығып, асық ойнап жүрген кенже немересі Бекайдарды шақырып: – Бекайдар, сен Төмен жеңгейді қатын қылып аласың ба? – дейді бабамыз.

Сонда Бекайдар:

– Ата, бата берсеңіз алайын, – депті.

Бабамыз:

– Қолыңды жай, бата берейін.

Оны естіген Бекайдар: «Қолымды жайып батасын алғаным аз болар, етегімді жайсам жөн болар» деп етегін жайған екен.

Мұрат бабамыз былай деп бата беріпті: – Етегіңе ел толсын, жайылымға мал толсын! Бабамыздың бұл батасы шындыққа айналды.

Көзі тірісінде өрбіген көші-қоны мол үш шаңырағының астынан он бір ұл, қаншама заман асуын асқан оның ұрпақтары

кеткен сөздерінің кейбірін баяндап өтейік. Бидің өмір сүрген заманында, Қаракесек, Тока, Қаржас, Қареке, Сармантай рулары шекаралас отырады. Осы елдердің бірінің Өтебай ауылы жесір дауында ма, жер дауында ма, өзі сияқты мінезі өркөкіректеу, ұрт мінезді, баймен сөзге келіп қалып, қамшыласып, сабаласып жүріп, әлгінің көзін шығарып алады. Арада дау көбейіп, екі ауылдың арасы егес болып, ел арасы бүлініп, кісі өліміне дейінгі жанжалға барады. Ел арасын тыныштандырып, бітімге келу мақсатында аяқ жетер жердегі билердің барлығына да жүгініске барады. Алайда, билердің мал кесігіне талапкер бай өзі онсыз да қисық мінезді адам келіспейді. «Кескен малыңның үстіне сондай мал қосып берейін, көзімді шығарған байдың көзін ойып алып беруге шешім шығарып бер» – деген екен.

Сөйтіп ел арасындағы егес тоқталмайды. Ешбір шешімін таппаған, асқынған даудың соңын тындыру үшін жүгініске Бекайдар биге баруды ауыл ақсақалдары мен ел жақсылары ұсыныс жасап, оған талапкер мен жауапкер келісімдерін береді. Осы ұйғарымнан кейін құн даулаушы бай жанына бірнеше адам алып, Бекайдар бидің ауылына келіп түскен екен. Би ауылының күтуші азаматтары қонақасын беріп күтеді. Ертеңінде би келген қонақтардың бұйымтай шаруаларын сұрайды.

Қонақтар келген істің мән-жайын, егжей-тегжейін айтады. Наразылықтарын толық тыңдап ұғынысқан соң би ойла-нықырап сөзді одан әрі жалғастыра отырып, сөз арасында «Қарсыластарыңыздың қыз баласы бар ма? – деп сұрапты. Жүгініске келушілер: «Бар» – депті.

Өңгіме тегігі шешімге тақар кезде: «Олай болса, құда болғайсың, құда болсаң, немерең ұл болар, егер немерең ұл болса, ашамайға мінуге жарағанда келерсің, билігің сонда айтармын», – депті. Құн даулаушылар би шешіміне түсініксірмей, ауылына аттанып кетеді. Еліне барған соң, ауыл ақсақалдарын, игі жақсы мен жайсаңдарды жинап, бидің айтқанын ортаға салады. Жиналғандар: «Би тегін айтпас болар, қашанғы атысып, жауласа береміз, құда болсақ, болайық», – деп келісімге бірбеткей бай немересі ашамайға отырауға жарағанда бидің ауылына оралады.

Бекайдар би құн даулап жүрген адамнан: «Көзің жетілді ме?», – деп сұраған екен. Сонда құн даулаушы «Жетілді», – деп жауап беріпті. Бекайдар би: «Судың

түбін шым бекітер, даудың түбін қыз бекітер», – деген осы десе керек.

Әлеуметтің, өз тобынан озып ержеткені, кейін қалмауына, бидің жүрегі өзгеден көбірек толқиды, көбірек толғанады. Өзгелер салқын қанмен қарайтын нәрсеге би күйіп-пісіп қалады. Сондықтан Бекайдар биден қалған нақыл сөздер, оның зеректілігі, даналығы бала кезінен белгілі болғанын баяндайық. Бекайдар бидің атағы шықпай тұрып, өзінің тапқыр, әділ төрелігімен ел аузына ілінген. Бекайдар бидің әділдігі мен ақылдылығы аңыздардан айтып өтейік.

Өте көп аңыздарда Бекайдар би «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғасы жан-жақты мінезделген. Оның асылық іске бармайтын ұстамдылығы – «топ алдына шықсаң – озғаның, ар алдына шықсаң – тозғаның». Дос болу ықыласта, ықыласты болу ынтымақта. Достыққа талғамдылығы – «Дұшпаныңа достық ет – демес, сені әрі кет» – деген сөздерінен айқын аңғарылды.

«Ері бар халық өлмейді, халқымен ел өлмейді». «Ел – ердің орманы. Ер елдің қорғаны»... деген төлтұма даналық пікір-пайымдарынан көруге болады.

Бұл келтірілген нақыл сөздердің үзіндісі Бекайдар бидің елге тұтқа боларлық кісілігін, халық мойындаған қасиетін сенімді дәлелдей алады. Мұның бәрі оның асқақ данққа сәйкес келетін сөздер.

Бекайдар би әсіресе парыз бен қарыз сезімдері туралы көбірек көкейкесті сыр ететін. Өйткені ол парыз сезімін жеке бастың, ұлттың, Отанның мақтанышы деп ұғатынды. Парызды атамыз Алла Тағаланың әмірі деп ұғатын.

Өкенің баласын жетілдіруі – парыз. Еліне қызмет ету – парыз. Балаларыңның анасының көңілін табу – парыз. Дүние -мүлікке қызықпаған – парыз. Өне бойыңды таза ұстау – парыз. Әлсізге көмек беру – парыз. Ата-анасын сыйлау – парыз. Кішіге ағалық – парыз. Жанұяның мүддесін ойлау – парыз. Қарызды өтеу – парыз. Арды ұстау – парыз. Досқа дос болу – парыз. Үлкенді тыңдау, сыйлау – парыз. Бекайдар би өмірінің ақтық тынысына дейін осы парыздарға адал болды. Жоғарыдағы парыздардың толғамы терең, күрделі ойды мейлінше ұшқырлап әрі дәл, әрі ұтымды етіп жеткізу үшін, олар көбінесе, күнделікті өмірде жиі ұшырасатын танымал көрініс – құбылыстарды өзара салыстыру арқылы ойын орағыта бейнелейтін болған.



Сонымен, Бекайдар би өмір бойы ең басты тақырыпты – адамдардың достығын, бірлікті, өзара көмек пен ұстамдылықты арқау еткен. Бізге де осындай рух беретін әрі саналы сөздер кейде жетіспей жататынын да айтқан жөн болар.

Бекайдар бидің ұрпақтары егеменді еліміздің дамуына елеулі үлес қосып келеді. Олардың ішінде Құсайынов Әбілғазы Қалиақпарұлы, министр болған, Қарағанды облысының әкімі, Қазақстан Кәсіподақтары федерациясының төрағасы болды. Айжулов Тұрсын Ғабиденұлы Қазақстан Республикасы мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы, генерал майор, Түсіпбеков Рашид Төлеутайұлы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, Әділет министрі.

Мұрат атамыздың ірі ұрпақтарының бәрін бірдей түгендеп шығу мүмкін емес, шарт та емес. Бірақ, айта кететініміз қазақ халқының өсіп-өркендеген ғылымының, ілім-білімінің көш басында халықтың ғылымына, әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси өміріне сіңірген, оның дамуына, қалыптасуына бар күш-жігерін аямай жұмсаған, тер төккен атамыздың ұрпақтары бары сөзсіз.

Атақты Бекайдар бидің ұрпағы А.Құсайыновтың қаржы мен ұйымдастыру бастамасымен, ауыл тұрғындарының қолдауымен Ғ.Мұстафин ауылында (Бұқар жырау ауданы, Қарағанды облысында) 2021 жылы 28 қарашада, көпшіліктің көңілі, Бекайдар бидің әруағы үшін Алланың үйі – мешіт ашылды. «Бекайдар би» аты берілді. Жиналысты ашып, сөз сөйлеген Бұқар жырау ауданының сол кездегі әкімі Сержан Аймаков:

– Құрметті қауым! Бекайдар би өмірде көп жасап, көпті көрген (109 жас жасаған), дана қарт болып сипатталады. Сондықтан ол, халықтық мәні зор әлеуметтік мәселелер төңірегінде ой толғаған, аңыз-әңгімелердегі толғаулар мен қайсыбір мақал сөздерді тауып, қалыптасуына кезінде елеулі үлес қосты, – деді.

Шынымен де, Бекайдар би – ел болып дәріптеуге әбден лайық тарихи тұлға.

Ел анызына қарағанда Бекайдар би халық көңілінен шыққан, ақылды да байыпты болса керек. Ол жоғарыдан түсіріп отырған жарлықтарды барынша жұмсартып, ел мен жердің жағдайына лайықтап іске асырып отыратын болған. Шекаралық даулы мәселелер, жер бөліс істерін көп реттеп, өз қалауынша шештіріп отырған. Әсіресе, жер дауын үнемі халық пайықасына шешуге тырысқан. Осы табандылығының арқасында ол орыс әкімшілігіне де, халыққа да қадір-қасиеті қатар артқан. Қашан, қай заманда жағдайына лайықтап шығып, ел ішіне көп тараған аңыз-хикаяның арғы жағында сол аңыздың кейіпкері төңірегінде өмірдің бір шындық сыры жататыны да белгілі. Бекайдар би мен оның төңірегі, заманы мен замандастары хақында ел сақтаған сыр, көбінесе оның есіміне, әйелдеріне, өсіп-өнген ұрпағына деген халықтың шын ілтипат, ынтық сүйіспеншілігімен өркендеді.

Қорыта келе, айтатыным, Бекайдар бидің адамға, адамның өміріне деген құрмет те, адамгершілік ұлы сезім де жұртты кісілікке, ізгілікке, имандылыққа тәрбиелеуді мұрат тұтқан айтарлық даналығы да бар десек артық айтқанымыз емес.

Әбілда ӘЛІМБАЕВ,
Тоқмырза ЫНТЫҚОВ,
Ә.Сағынов атындағы
политехникалық
мемлекеттік университетінің
профессорлары

• КЕЛБЕТ

Арқаның Айгүл ақыны



Айгүл Түсіпбекова!

Бұл есім Арқаның өнерсүйген қауымына өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында, тоқсаныншы жылдарының басында жақсы таныс еді. Қолына үкілі домбырасын ұстап, үстіне оқалы көмшат көйлегін киген Айгүл ақын толған айдай толықсып, сахна төріне жарк етіп шыға келгенде, залда отырған қауымның делебесі қозып, кикулап кететін.

Алаш арыстарының атамекені Ақтоғай ауданының текті топырағында дүниеге келген, құнарлы өлкеден тамаша тәлім-тәрбие алған Айгүл ару Мұхажша айтар болсам, «қазақ даласының тасада өскен бір гүлі» еді!

Мектептен кейін Айгүл қыз арман қуып, жұмақ қала Алматыға барды. Қыздар педагогикалық институтына оқуға түсті. Сабағын оқи жүріп, өнер десе ішкен асын жерге қоятын сұлу қыз сол институттың «Айгүл» халық ансамблінің белді де беделді бір мүшесі болды.

Бірінен-бірі өтетін сұлу қыздар бозбалалардың жүрегіне шоқ салып, өнерсүйген қауымды әйбат әндерімен, әсем билерімен қарық қылып, көпшілік қауымның көз-айымына айналды. Еліміздің талай қалаларында өнер сапарымен болды. Тіпті, шетелге гастрольге шығып, қазақ өнерінің даңқын аспандатып қайтты.

Өз басым Айгүлді сол өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңынан бастап жақсы таныдым.

Газет редакциясында қызмет атқаратын кезім еді. Облыс аумағында өтетін дүбірлі өнер кештерін құр жібермейміз. Сондай шаралардың бірінде Айгүл темір-таулық дәрігер Қасым Ботановпен айтысқа шықты. Қасым ағамыз сол кезде медицина саласында жүрсе де, өнерге оң бүйірін беріп тұратын сері азамат болды.

Айгүл мен Қаскеннің сол айтысы көрермен қауымның ыстық ықыласына ие болды. Ел үлкен құрмет көрсетіп, екеуін біразға дейін сахнадан жібермей қойды. Жылдар бойы айта жүретіндей жарасымды айтыс болып шықты!

Амал нешік, Айгүл ақынның айтыстағы өмірбаяны қамшының сабындай ғана қысқа болды. Бір жағынан, етегіне оралған сәбни бар тұрмыстағы келіншек еді.

Екінші жағынан, сол өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының орта кезіне қарай елдегі жағдай өте ауырлап кеткен. Жұмыс жоқ, үй суық, адамдардың қабағы кату. Жалақы айлап берілмейтін. Жаппай қысқартулар кезеңі басталған. Мұндай кезде сахнаға шықпақ түгілі, тамақ асырап, жан сақтаудың өзі үлкен уайым еді.

Осындай жағдайларға байланысты Айгүл ақын нағыз дер шағында ақ тұлпарын қаңтарып, айтыспен хош айтысты. Отбасына оралды. Мемлекеттік қызмет саласындағы болмашы жұмысын, жарытымсыз жалақысын қанағат етті. Дара дарынның бойындағы өнері осылай іште тұнығып қалды.

Айгүл ақын бүгінде – асыл жар, аяулы ана, ардақты әже. Қарағанды қаласында тұрады.

Білер жылдан бері Айгүл ақынның екінші тынысы ашылды. Ол «Фейсбук» әлеуметтік желісі арқылы өзінің мөлдір өлеңдерін, ой-пікірлерін жиі жариялап жүреді.

Еліміздің өнері мен мәдениеті саласына қосқан үлкен үлесі лайықты бағаланып, былтыр Айгүл Түсіпбекова «Мәдениет қайраткері» атағына ие болды.

Арқаның Айгүл ақынының халқына айтар жыры да, сыры да баршылық.

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ҚАРАҒАНДЫ

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Жақсы жұмыс жан ләззаты

Жұмысыңды жақсы көру сөзбен айтып жеткізе алмайтын ерекше құбылыс. Үлкен күш! Одан оңайлықпен ажырай алмайсың. Күнкөріс үшін емес, жан дүниесімен беріліп, бар ғұмырын арнаған жұмысын ерекше ықыласпен атқаратын жанның бірі – С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының тігіншісі Меруерт Жұмкешова. Әр әртістің бес қаруын сайлайтын, көзге көрінбейтін майданның жауынгері.



Сағыныш ӘБЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдын ала қоңырау шалып, кездескім келетінін айтқанда, таңданысын жасыра алмады. Белгіленген уақыттан межеленген жерге жеттім. Алдымнан жарқылдай қарсы алған Меруерт Қаршығакызы «Мені біреу жаз деп ұсынды ма? Телефон нөмірімді қайдан алдыңыз?» деп сұрай берді. Өзін не себепті іздеп келгенімді түсіндіріп-ақ келемін, бір жағынан аң-таңмын. Бірден жұмыс бөлмесіне бастады. Бес-алты тігін машинасы жағалай орналасқан, ортада үлкен үстел. Шашылып жатқан мата, не қайшы, ине-жіп көзге түспеді. Бәрі тап-тұйнақтай. Менің таңданысымды сезді ғой деймін «жұмыс кабинетіме барайық, сол жерде барлық жұмыспен таныстырамын» деді. Ашық-жарқын жанның үстеліндегі түрлі-түсеті сызбаға бірден көзім түсті. Тал мүсіндегі әдемі көйлек еріксіз назар аударды.

– Бұл театр әртістеріне арналған костюмдердің суреті. Әр әртиске ойнайтын роліне сай киім тігілгенге дейін бірнеше кезеңнен өтеді. Алдымен режиссер қойылым таңдайды. Одан кейін суретшімен кейіпкерлердің мінез-құлқына сай қандай киім кию қажет екені жайлы пікірлеседі. Жан-жақты талқыланғаннан кейін суретші эскиз салады. Одан кейін барып бұл суреттер бізге, яғни тігін цехына келеді. Сызбаны алып, дүкен аралап кетемін. Мата іздеймін, – дейді Меруерт ханым.

Мата таңдау да оңай жұмыс емес. Сапасы жігі назарда. Бағасын да байқау керек. Әрине бұл жұмысқа келгенде Меруерт Қаршығакызы тиянақты. Әрі көп қиындық та туа қоймайды. Себебі, ол тігінші мамандығын бітіріп, 21 жасында осы театрға жұмысқа орналасады. Бүгінде 50-ді еңсерген кәсіби маман. Табан аудармастан 26 жыл тігінші болып қалтқысыз қызмет етуде. Арасында түрлі жағдайларға байланысты төрт жыл басқа қызметте бағын сынап көреді. Табысты жұмыс болған. Бірақ, тігіншілікке деген сүйіспеншілік оны осы жерге қайта алып келеді.

– 100 пайыз табысты болғын келсе, өз жұмысыңды сүй. Өзіңді кинама. Жақсы көрген жұмысыңа бару да үлкен бақыт, – деген кейіпкеріміздің өз жұмысы туралы айтқанда көзі нұрланып сала берді.

Бір спектакльге 90-ға жуық киім тігіледі. Әр актерден өлшем алу, оны қағазға түсіру, тігін біткенше бірнеше мәрте киіп көру. Сызу, есептеу, пішу, кию, көктеу, қайта сөгу, бүту, тігу секілді жұмыстар ең кем дегенде бір ай бойына жалғасады. Айтуға оңай болғанымен жұмыс барысы өте қиын. Уақыт, еңбек, талғам, қол мен қиял бір-бірімен ұштасып жатады. Иенің саусаққа кіріп кетуі үйреншікті жайт. Әрі тіккен костюм актердің ойнайтын образынан бөлек, мүсініне шақ келуі, кем-кетігін жасыру керек. Мұндай жағдайда шебер тез шешім қабылдайды. Себебі, ол ҚарУ-дың кәсіби өнер факультетін бітірген. Талғамы зор маман кез келген актердің сыр-сымбатын үстіндегі костюмімен әрлеп-ақ береді.

Сахнадағы кейіпкердің келбетінен бөлек оның үстіндегі киіміне көзіміз бірден түсетіні рас. Бірін қайталамайды. Жарқ-жүрк еткен тастар. Ерекше киім үлгісі. Міне, осы киімдерде Меруерт Қаршығакызы мен әріптестерінің қол еңбегі, алтындай уақыты, темірдей төзімі мен маңдай тері жатыр. Тігіншілік шеті жоқ, шексіз өнер. Халықтың талғамынан шығу, өз талантын мойындата алу өз кәсібін жақсы көретін нағыз кәсіби маманның ғана қолынан келеді. Меруерт тігінші де сондай. Ойға алған ісін соңына дейін апару оның парызы.

– Тапсырыс түскен сәттен жұмыс аяқталғанға дейін тыным таппаймын. Ой үстінде, жұмыс жетегінде жүресің. Бізде тапсырма талқыланбайды, орындалады. Уақытында тапсыруымыз керек. Мен үшін сенім үлесінен шыға білу басты міндет, – дейді жұмысын өміріне балаған шебер.

Әр адамның тағдыр жолы әртүрлі. Өмірде екі нәрседен шатаспау керек деп жатамыз. Соның бірі – мамандық таңдау. Меруерт Қаршығакызы кәсіп таңдауда шатаспаған. Мамандығына деген адалдық оның бүгінгі жұмысын жан-тәнімен жақсы көруіне де себеп. Ұстанымы берік, еңбеккор жанның жан жарасын емдейтін де осы жұмысы. «Өмірді сезінуге, қуанып көз ілуге адамға жақсы көру керек екен...» деген өлең жолдары ойға орала берді. Өмірінің мәніне айналған жұмысына деген зор махаббат Меруерт Қаршығакызын әріптестерінің құрметіне бөлеген шебер. Ал, қалың көрерменнің актер шеберлігіне деген ыстық ықыласында Меруерт тігіншінің зор еңбегі жатыр!

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Ата-ана мен бала кітап оқиды

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының кішкентай оқырмандарына есігін айқара ашқанына биыл 70 жыл толып отыр. Руханияттың темірқазығы – кітапхананың айтулы мерекесіне орай, ауқымды жобалар жоспарланып, алды жүзеге асуда. Соның бірі «Ертегілер мен оқиғалар сағаты» жобасы.



Аталмыш жоба аясында жас оқырмандар ата-аналарымен бірге кітап оқиды. Жиналған жас оқырмандарға «дауыстап оқылатын» шығарманы қарағандылық ақын әрі композитор Ирина Воробьева бастамақ. Шығарма оқылып болғаннан кейін жас оқырмандар шығармадағы кейіпкерлер туралы өз ойларын ортаға салып,

іс-әрекеттерін талқылайды. Және бір-біріне сұрақ қояды.

Балалар арасындағы кітапқа деген қызығушылықты арттыру мен ата-ананың да баласымен бірге оқырман болуы, әрі сол шығарманы жас ерекшеліктеріне сай түрлі көзқараста жеткізе алуының да маңызы зор. Өз ойын ашық айтып, пікір алысу ата-ана мен бала ара-

сында тығыз қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Жобада әр айдың екінші және төртінші жексенбісінде атақты қарағандылықтар да, кітапхана қызметкерлері де Қазақстанның және алыс-жақын шетелдік балалар жазушыларының үздік шығармаларын таныстырып отырады.

Өз тілшімізден

• АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

Нұра ауданы, Тікенекті ауылында бар-жоғы 226 адам тұрады. Сонғы екі жыл ішінде бұл ауылда ешқандай қылмыстық оқиға тіркелмеген. Себебі, ауыл дүкеншілері алкоголь сусындарды сатудан бас тартқан. Сонысымен де «Үлгілі ауыл» атанып отыр.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл әкімі Ерлан Оспанов пен учаскелік полиция инспекторы Әлібек Оспанов алкоголь сусындарын сатуға тыйым салған. Бұл бастаманы ауыл тұрғындары да қолдаған.

– Бұл ауыл әкімімен бірлескен шешім болды. Бастамамызды қоғамдық кеңестің төрағасы, ауыл



тұрғындары қолдады. Енді, осы бағытта бірлесіп жұмыс істейміз. Жастарымыздың қылмысқа бармауын, дұрыс және салауатты өмір салтын ұстанғанын қалаймыз, – дейді Әлібек Оспанов.

«Мерекелік дастарханға қойылатын алкогольдің орнын ұлтымыздың қасиетті, пайдалы сусыны – қымыз алмастырды. Бұл ауылда ішімдік сатылмайды. Ауыл тұрғындарының ішінен ішімдікке салынған бірде-бір адамды көрмедім. Біз алкогольсіз де позитивті өмір сүреміз. Басқа ауылдарға біздің тәжірибемізді қабылдауды ұсынамыз», – деді ақсақалдар кеңесінің төрағасы Өмір Бүркітбаев.

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов осындай үлгі көрсеткені үшін ауыл әкіміне «Тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалін табыстады.

Нұра ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Нұржан Оралбаевтың айтуынша, биыл Тікенекті ауылындағы үш көшенің жолы орташа жөндеуден өтеді. «2016 жылы «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша елді мекенге орталық су құбыры тартылды. Интернет және ұялы байланыс бар. Көшелерге 21 жарықтандыру тірегі орнатылған. Биыл тағы 14 жаңа бағана қою жоспарлануда. Сондай-ақ, мамыр айында заманауи балалар ойын кешені орнатылады», – деді бөлім басшысы.

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Ана тілін ардақтаған кафедра

Кенес кезеңіндегі қазақтың тілін, әдебиетін, тарихын зерттеу-зерделеу ісіндегі басым саясат бодандық санаға, шовинизмге басыбайлы берілгені жасырын емес. Сан ғасырлық тарихы бар қазақтың руханияты, әдебиеті, тарихы терең тамырынан ажырап, құнарынан айырылған аралдай жетімдік күйін кешті. Кенес дәуірі аяқталып, Тәуелсіздік алған тұста елдің жоғын жоқтап, рухани құндылықтарын түгелдеуге атсалысқан азаматтар ел ішінде аз болмаған. Солардың бірі Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ректоры Е.Аймағамбетов болатын. Өзі де айтулы ғалым Ерқара Балқараұлы бірден тіл мәселесіне назар аударды.

1991 жылдың қыркүйегінен қазақ тілін «Тілдер» кафедрасынан бөліп алып, бөлек оқытатын жеке кафедра ашып « Қазақ тілі және Қазақстан тарихы» деген атауды ұсынды. Ал, кафедра менгерушілігіне келісімшарт негізінде Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің сол кездегі доценті, филология ғылымдарының кандидаты Хайролла Нұрмұқанов шақырылды. Кафедра құрамы М.Тойжігітова, З.Түсіпбекова, К.Исабекова және К.Қабатаева сияқты тәжірибелі мамандармен жасқалды. Бұл қадам тілді оқытудың заманауи жобасын жүзеге асыру мақсатында атқарылмақ шаралардың бастамасы болатын. Осы жылдардан бастап, университетте мемлекеттік тілді менгерту курстары ашылып, жұмыс жандана түсті. Кафедра оқытушыларының біліктілігі арқасында әр түрлі ұйымдар мен банктерден, бірлестіктерден мемлекеттік тілді үйренуге деген құлшыныс артып, ұсыныстар түсе бастады. Бұл кафедраның абырой-беделін арттыра түскен кезең болды.

2005 жылы «Қазақ тілі және Қазақстан мәдениеті» кафедрасы бо-



лып қайта құрылды. Кафедраны құрылған күнінен бастап, 2020 жылдардың соңына дейін ф.ғ.к., профессор Клара Қабатаева басқарды. 2015-2018 жылдар аралығында «Қазақстанның білім беру жүйесіндегі мемлекеттік тілді оқыту әдістемелерінің нәтижелігін арттыру» атты мемлекеттік грант бойынша ғылыми жобаға жетекшілік етті. Осы жылдар аралығында кафедра Жанар Ахметжанова, Нұрғайша Қуандыкова, Айбек Әкімбеков, Әсел Мамырханова,

Бажикеев, Ләйлә Ақшабаева, Толғанай Мұқтар және оқытушы Дина Уразбекова сияқты білікті мамандар кафедрада қызмет етеді. ҚР Тілдерді қолдану мен дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында кафедра оқытушылары «Мемлекеттік тілді көпдеңгейлі оқытудың өзекті мәселелері» және «Қазақстанның білім беру жүйесіндегі мемлекеттік тілді оқыту әдістемелерінің нәтижелігін арттыру», «Рухани жаңғыру

бағдарламасы аясында тіл мен әдебиетті және әдістемені зерттеудің негізгі аспектілері» тақырыптарында ғылыми жоба жазды. Сонымен қатар, кафедра жыл сайын тіл мен әдебиет мәселелеріне қатысты конференция мен дөңгелек үстелдер өткізіп келеді. Қазақстан халықтары тілдері күні қарсаңында түрлі тіл сайыстары, көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы дәстүрге айналған.

Кафедрадағы тәрбие жұмысының жоспары облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен өтетін шаралар негізінде құрылып, жүзеге асырылады. Былтырдан бері Ресурстық тіл орталығымен ортақ жоспар жасалып, жұмыс жүргізілуде. Университетте жыл сайын өзге ұлт өкілдері студенттерінің арасында факультет аралық «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты сайыс өткізу дәстүрге айналған. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша студенттерге ұлттық салт-дәстүр, колөнер, ақын-жазушылар, атақты сазгерлер мен әншілер туралы семинар-сабақтар, сайыстар өткізіледі.

Ұлт мәдениетінің, өнер-білімнің басты қаруы – ана тілі. Ал, ана тілінің келешегі оқытушылар қауымының, бүгінгі жас әрі білікті мамандардың қолында екенін кафедра ұжымы жақсы сезінеді.

Шұға АҚАТАЕВА,
Қазақ тілі және Қазақстан мәдениеті кафедрасының менгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доценті

● ҚҰНДЫЛЫҚ

Білім саласында тәрбиеге бағытталған түрлі шаралар өткізіліп келеді. Соның кейбіреуінің бел ортасында жүрсем, енді бірі туралы БАҚ беттерінен қанықпын. Күні кеше сондай шаралардың бірі ретінде өткізілген байқау көптің көңілінен шығып, қанаттандырды десем, артық айтқандық емес.

Облыстық білім басқармасы және облыстық оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Бір отбасы – бір кітап» акциясы аясында өткен «Оқырман отбасы» байқауы көптің көңілінен шыққан шараның бірі болды. Кітап оқу үрдісін қай-

Баланы кітап тәрбиелейді

та жаңғыртып, отбасылық құндылыққа айналдыра білсек, бұл қоғам үшін өте қажетті дүние болар еді.

«Оқырман отбасы» байқауында қазылар алқасының мүшесі болғанымда, ертегілер еліне тап болғандай күй кештім. Байқауға қатысқан 15 отбасының ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы мысалдары негізінде қойған сахналық қойылымдары театр спектакльдерінен кем болмады. Бұл – менің ғана емес, тұтастай алқа мүшелерінің пікірі.

Аталған шараның басты ерекшелігі – бір отбасының барлық мүшелері қатысты. Әр отбасы жауапкершілікті сезініп, сахнаны әдемі

безендіріп, реквизиттерді эстетикалық талғаммен ұсынды. Шалғай ауылдардан қатысқан отбасылардың өнеріне тәнті болдық. Байқауға қатысушылар өзі сомдаған образдың жүгін арқалап, жұртшылықты сендіре алғанына куә болдық.

Біз – кітап оқып өскен буынның өкіліміз. Көркем шығарма оқығанда оның сикырлы әлеміне еніп кететінбіз. Ата-анамыз бізді кітап арқылы тәрбиеледі. Осылайша сөз төркінін таныдық. Өсіп-өндік, көркейдік.

Біздің буын керегін кітаптан іздейді. Кітапты жанына жақын сырласындай көреді.

«Оқырман отбасы» байқауын-

да жастардың кітап оқуға деген ынта-ықыласын байқадым. Байқаудың іріктеу кезеңіне 12 мыңдай отбасы қатысқан. Қоғамда кітап оқытындар азайып кетті. Ата-ананың кітапты қолға алып, баласына үлгі болуы – өте жақсы үрдіс. Бір отбасының барлық мүшесі кітап оқыса, тәрбие түзеледі деген сөз. Сондықтан, кітап оқиық!

Жұпар ЖАҚАН,
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы Ресурстық тіл орталығының бөлім менгерушісі

● ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ

Ерлерді еске алды

Ұлттық ұланның Орталық өңірлік қолбасшылығында қасіретті қаңтар кезінде ерлікпен қаза болған Айбат Аманов пен Мадияр Қайсаровты еске алуға арналған «Мәңгілік сапта» іс-шарасы өткізілді.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиын «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сәкентай Шекарбековтің бастауымен, бір минуттық үнсіздікпен ашылды.

– Қаңтар оқиғасы кезінде дабыл қағылып, еліміздің іргесін, тыныштығын сақтап қалу жолында жұдырықтай жұмылдық. Бірліктің, тәртіптің арқасында елімізді лаңкестердің ылаңынан аман сақтап қалдық. Бірақ, өкінішке қарай екі жауынгеріміз осы жолда ерлікпен қаза тапты. Батырлардың жаны жәннатта болғай. Олардың ерлік ісі соңындағы жас буынға үлгі әрі мәңгі жүрегімізде, – деп атап өтті Сәкен-

тай Шекарбеков.

Жанқиярлықпен қаза болған қатардағы жауынгер Мадияр Қайсаров әскери борышын Ұлттық ұлан қатарында Қызылорда қаласындағы 5547 әскери бөлімінде, ал, Айбат Аманов, Талдықорған қаласындағы 5514 әскери бөлімінде өтеп, антына адал, ержүрек болғанын атап өткен жөн.

Қазір әскерилердің құрметіне Қарағанды қаласы мен Жаңаарқа кентінде естелік стендтер, оқыған мектептері мен колледждерінде тарихи орындар ашылып, Мадияр Қайсаров тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылған.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Жыл басымен келген алақұйын боран айналады ақ қарға көміп тастады. Өңір жаппай қала аумағын қардан тазартуда. Жастар жағы да бұдан шет қалмады.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шахтинск жастары жалғызбасты қарттардың, ардагерлердің, тыл еңбеккерлерінің, мүмкіндігі шектеулі жандардың және халықтың әлеуметтік осал топтары өкілдері үйлерінің ауаларын қардан тазартуда.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Өнерлі өрге жүзді

С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің І-курс студенттері арасында «STU Talents-2022» байқауы өтті. Әр факультеттен қатысқан сайыскерлер өз мамандықтарының қыр-сырын ашып, шығармашылық талантын танытты.

Аталған сайыста қатысушылар «Үздік вокалдық өнер», «Үздік би өнері», «Үздік аспаптық өнер», «Үздік вокалды-аспаптық өнер», «Үздік ерекше жанр», «Үздік флешмоб» номинациялары бойынша өнерлерін ортаға салды.

Қазылар алқасының шешімімен студенттердің жүзден жүйрігі, мыңнан тұлпары анықталып, жүлделі орындар берілді.

Бас жүлдені университеттің «Инновациялық тех-

Бүркіт Есжанұлы ЕСЖАНОВ

2023 жылдың 4 қаңтарында Ұлы Отан соғысының ардагері Бүркіт Есжанов 100 жасқа қараған шағында қайтыс болды.

Бүркіт Есжанов Қарағанды облысында 1923 жылы 3 сәуірде Долинка кентінің маңындағы Тельман ауданында шаруа отбасында дүниеге келген.

1941 жылы Бүркіт Есжанов 19 жасқа толды. Әскери авиameханик мамандығын алған ұшу училищесін бітіргеннен кейін, 1942 жылдың аяғында Мәскеуді қорғауға дивизияға көмектесу үшін майданға шақырылды. Майдангер Мәскеу маңында бесінші гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамында соғысып, 1943 жылы Курск шайқасына қатысты.

Жараланғаннан кейін Бүркіт Есжанұлы ауруханаға түсті, содан кейін ол шайқас алаңына оралды. Санитарлық полкте қызмет етті, оның міндеті соғыс жолағына тез ұшып барып, ауыр жаралыларды алып кету болды.

Жауынгерлік еңбегі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Батылдық үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен және мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін 1948 жылдан бастап Киров шахтасының комсоргі болып жұмыс істеді, Киров аудандық партия комитетінде жұмыс істеді, 26-БИС шахтасының партия комитетінің хатшысы болды.

Жоғары партия мектебінен өткеннен кейін «Қырғызстан», «Восток», «Көктал» кеңшарларында парторг болып жұмыс істеді.

1983 жылдан бастап еңбек сіңірген демалысқа шықты.

Б. Есжанов жұбайы Күмісжанмен 8 бала, немере және шөбере тәрбиеледі.

Бүркіт Есжанов туыстарының, жақындары мен жерлестерінің жанында кішіпейіл, парасатты және жанашыр адам ретінде қалады.

Ол туралы жарқын естеліктер үнемі біздің жүрегімізде. Бүркіт Есжановтың туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтаса көңіл айтамыз.

Әлихан Бөкейхан ауданы ардагерлер кеңесі,
«Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» ММ



43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды
Шинсервис

ШИНАЛАР

- жеңіл автокөліктері үшін
- жеңіл жүк көліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Арнайы дилер
«Алтайский шинный комбинат» ААҚ
«Росава» ЖАҚ
«Матадор» ЖАҚ

Қарағанды қ., қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8 707 80 35 800

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

«Қар вахтасы» акциясы басталды

«Қар вахтасы» акциясы 1 наурызға дейін жалғасады.

– Бұл жыл сайынғы дәстүрлі акция. Шараға біздің еріктілер, белсенді жастар және қаланың қайырымды тұрғындары қосылды. Адамдарды көбірек жұмылдыру мақсатында чаттарға арнаулы хаттар да тараттық. Қазірдің өзінде онға жуық отбасына көмектестік. Біз бастаған бұл іске 30-дан астам ерікті қосылды. Баршаңызды осындай қайырымдылық ісінде белсенді қатысуға шақырамыз, – дейді Шахтинск жастар ресурстық орталығының жетекшісі Жасұлан Хамитов.

нологиялар» факультеті қанжығасына байлады. І орынды «Сәулет-құрылыс» факультеті иеленді. «Тау-кен» факультеті ко-

мандасына II орын берілді. Ал, III орын «Жол-көлік» факультетіне бұйырды.

Өз тілшімізден



Жан тебіrentкен тарихи туынды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шынында, фильмдегі Міржақып образы өте әсерлі әрі сенімді болды. «Ақын батыр болмаса, көрген күні күн емес» (Ө.Қожамұратов) дегеннің шын екеніне тағы бір мәрте көзім жетті. Фильмде Міржақып – өз заманының батыры. Тарихи туынды әбден зерттеліп, өмірде болған деректерге сүйеніп түсірілген. Бұл жөнінде халықтың рухы тасып, талғамы өсіп, сана көкжиегі әжептәуір кеңейер еді. Мұнда жұмыс істеген команданың тер төккені көрініп тұр. Әр кадр, әр деталь әсерлі, өне-бойынды шымырлатып жібереді.

– Байқасаңыздар, сол кезде айтылатын «нәшірияд», «рисала», тіпті, «школа» деген секілді көп терминді де сол күйінде қалдырғанды жөн көрдік. Өйткені, ол сол заманды өз қалпында елестетуге орасан зор

ықпалын тигізеді. Сонымен бірге, әр жазған сөзіңнің сол кейіпкерді сомдаған әртістің де аузына сыйып, сөйлегенде ұғынықты шығаруға мүмкіндігі болатын сөздерді екшейсің. Жазып отырып актер болып ойнайсың. Сонда барынша жанды сөз шығады. Мысалы, Міржақып әскер құрған, мал жинаған сахналарында Жақан ролін сомдаған актер Бақыт Қажыбай да ерекше ажаттанып, айбарланып кетеді. Оның ар жағында сөздің күдіреті мен ерекшелігі жатыр. Ол кезеңдер туралы Міржақып өзегін өртей отырып көп мақала жазған. Сөздің дені – өз шығармаларынан екшеп алынды, – дейді Ұларбек Нұрғалым.

сында, Міржақыптың туған жері Қостанай облысында түсірілген.

– Ахмет пен Міржақып – Алаш идеясының өміршеңдігін ұқтырған, сол идеяны жүзеге асыру жолында аянбай қызмет еткен ұлт зиялылары. «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмінен кейін «бұл дүниенің жалғасы Міржақып болуы керек» деп ойладым. Ахмет ойнаған кинода Міржақыптың, Міржақып ойнаған кинода Ахметтің ролі көрсетілуі тиіс. Яғни, сабақтастық болғаны жөн. «Міржақып. Оян, қазақ!» – телеарнаның кейінгі екі жылда түсірген он бірінші тарихи телехикаясы, – депті бір сұхбатында Мұрат Есжан.

«Мен Міржақып емеспін» атты бірінші бөлімде Міржақыптың атын

пы, фильмде Жақан өмір сүрген кез бен алаштықтар ақталар тұс параллель өрілген.

«Ағыбай батырдың қылышы» атты үшінші бөлімде Міржақыптың қайраткерлік бейнесі ашыла түседі. Алаш әскерін құруға атсалысуы, тіпті, ең қауіпті басқыншы отрядты талқандап, қылышты аман алып қалуы – сөзімізге дәлел. Баскесер мен жекпе-жекке шығар тұста да қазақтың білекті һәм жүректі жігіті болғанын көрдік. Киелі қылыш арқылы оның ұлттық құндылықтарға деген жана-шырлығы шебер сомдалған.

«Қоңыр аттың қоң еті» атты төртінші бөлімде аштықтың зардабын көресіз. Осы кезде елден жылу

да кездесуге уағдаласады. Алайда, мұндай өлімді Жақаңа қимай, атып алып қалып, жалғыз өзін жеке ұстайды. Мақсаты – рухын сындыру, өміріне өкіндіру. Ал, Жақан керісінше, мұнда да өзін қамшылап, дами түседі. Қатқан нанды қамыр қылып, шахмат ойнап отырғанын көргенде, рухының сынбасына көзі жеткен олар Жақанды Бутырка түрмесіне ауыстырады. Соңында бала Гүлнар далада ойнап жүргенде әкесі атпен келеді. Гүлнарды қанша қимаса да тастап, шаба жөнеледі. Осы сәт қызы көзін ашып, есін жияды. Және үйінде туыстары жиналып отырғанда, «Міржақып ақталды» деген хат келеді. Оны дауыстап оқығанда жылағанын көрсеніз, еңкілдеп коя бересіз. Көз алдыңызға «Елім!» деп еңіреп өткен Алаш арыстары келеді.

– Фильм өте әсерлі. Тарихшы ретінде көп дүниеге риза болдым. Ағыбайдың қылышын сәтті келтірген. Гүлнар Дулатова апамыздың Аманкелді батырды құрметпен «Сардар» деп атауы жүрекке жылылық ұялатты. Батырдың баласының Алаштың асыл тұяғы Гүлнар апайға арнайы сәлем бере келу эпизоды өте сәтті шыққан. Ұлыларымыздың арасындағы бір-біріне деген биік құрмет пен сыйластықты көріп өскен кейінгі ұрпақ үшін тәрбиелілік маңызы зор болып саналмақ. Міржақыпты «Жақан» деп атауы сәтті және бас кейіпкердің мінезі толық ашылған. Алаш әскерінің құрылуы, сол арқылы халықты басқыншылардан қорғауы үйлесіп тұр. Жақанның орысшаға жетіктігі, жан-жақты сауаттылығы, рухының өте биіктігі, Абай айтқан қасиеттердің бойынан табылуы риза қылды. Тұлғаның мінезі осындай болады. Қажет жерінде қасқайып тұрып, азаматтығын дәлелдеу – нағыз мінез. Мына туындының қорықпай мемлекеттік сыйлыққа ұсынуға болады. Біраздан бері мұндай сапалы дүниені тұщынып көрмеп едік. Жастардың аяқ алысы қуантады. Ендігі эстафетаны сол жастарға беру керек, – дейді ҚарҰ-дың аға оқытушысы Нұртас Смағұлов.

Шынында, Міржақыптың «Оян, қазақ!» жырын оқымағандар да бар. Жан тебіrentкен тарихи туынды сол олқылықты толтырғаны сөзсіз...

рий. Диалогтары көңілге қонымды. Құлағының құршы қанып отырып тамашалайсың. Актерлер де сәтті таңдалған, әрқайсы өз орнында. Егер, алдағы уақытта тарихи туындылар осы деңгейде түсірілсе, онда халықтың рухы тасып, талғамы өсіп, сана көкжиегі әжептәуір кеңейер еді. Мұнда жұмыс істеген команданың тер төккені көрініп тұр. Әр кадр, әр деталь әсерлі, өне-бойынды шымырлатып жібереді.

– Байқасаңыздар, сол кезде айтылатын «нәшірияд», «рисала», тіпті, «школа» деген секілді көп терминді де сол күйінде қалдырғанды жөн көрдік. Өйткені, ол сол заманды өз қалпында елестетуге орасан зор

Телехикаяда Міржақыптан бөлек, Әлихан, Ахмет, Ахметсапа, Жүсіпбек, сынды саңлақтардың бейнесі бар. Ахметті – Ахаң, Міржақыпты – Жақаң деп алыпты. Өмірде де солай болған. Жақанның өмірін тұтастай халқына, елдің ертеңіне, ұрпақ тәрбиесіне арнағанын көріп, арқаландық.

Міржақыпты – Бақыт Қажыбаев, Гайнижамалды – Зарина Қармен, Ахаңды – Байғали Есенәлиев, Әлихан бейнесін – Бауыржан Қаптағай, Ахметсапаны – Мерей Мұхтарұлы, Тұнғаншин ролін – Жұмағали Маханов, Гүлнар Міржақыпқызы бейнесін Қазақстанның халық әртісі Гүлжан Әспетова сомдаған. Тарихи туынды Алматы облысында, Алматы қала-

жамылып елден мал, пұл жиып жүрген Базарбек есімді алаяқтың арам тірлігі әшкере болады. Осы Базарбек, қара басын аман алып қалу үшін Міржақыппен жақын араласып, оның бар құпиясын милицияға баяндап отырады. Ол «Оян, қазақ!» кітабын жаттап алған. Бірақ, оны сезіне алмайды. «Тәрбиесіз білім» деген осы болар.

«Бақытты Жамал» атты екінші бөлімде Гайнижамал мен Міржақып арасындағы шынайы сезім һәм осы жолдағы қиыншылықтар қамтылыпты. Сонымен қатар, ақынның қызы Гүлнар Дулатова да фильмде сәтті сомдалған. Оның әке аманатына адалдығы, оны ақтау үшін бар күшін салып, жүресуі жігерлендіреді. Жал-

жинап, ашыққан елге үлестіруге бар күшін салады ақын. Жиылған малды бір ай бойы айдап, жүдеген елге жеткізіп, бөліп береді. Осыдан бастап, шолак белсенділер оның ізіне шам алып түседі. Арасында баяғы алаяқ Базарбек те бар. Орысқа жағынып, шен алған пасық.

«Кетсін осымен көңілдің кірі» атты бесінші бөлімде Міржақыптың қызы мен Аманкелді Имановтың ұлы Шәріптің кездесуі негізге алынған.

«Біз жеңдік, әке!» атты соңғы бөлім өте әсерлі. Гүлнар Дулатова жан сақтау бөліміне түседі. Бірақ, әлі әкесінің ақталғанын естіген жоқ. Ал, Міржақып, Ахметсапа, Жүсіпбек үшеуі ату жазасына кесіліп, маһшар-

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жетісудан жүлделі оралды

Талдықорған қаласында белгілі композитор, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Мұратхан Егінбаевтың шығармашылығына арналған II республикалық «Сәйгүлік» әншілер байқауы өтті. Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың қатысуымен өткен өнер байгесінен жерлестеріміз олжалы оралды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұратхан Егінбаевтың қазақ мемлекеттілігі, Алаш ардақтылары, саяси қуғын-сүргін құрбандары тақырыбына арналған «Үш арыс», «Қаракерей Қабанбай», «Ақ қайың» сынды әндері кеңінен танымал.

Байқауға Астана, Алматы қалалары мен Абай, Алматы, Қарағанды, Маңғыстау, Жетісу облыстарының өнерпаздары сазгердің әндерін тамылжыта орындап, бақ сынасты. Әншілерді Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі сүйемелдеп отырды.

Байқау қорытындысында үш аталым бойынша жүлдегерлер

анықталды. «Дәстүрлі ән» номинациясында I орынды қарағандылық Шыңғыс Сәрсенбай иеленіп, Арқа жұртының мерейін тасытты.

Ал, оркестрдің көмегімен өнер көрсеткен жерлесіміз Гүлмира Тапай мен астаналық Белал Куаныш II орынды бөлісті.

Жеңімпаздарға ақшалай сыйлық, сертификат және дипломдар тапсырылды. Барлық қатысушыға композитор Мұратхан Егінбаевтың қолтаңбасы қойылған таңдамалы шығармаларының жинағы мен Алғыс хаттар берілді.

• ОНЛАЙН-ЖОБА

Тарихи дерек – елге керек

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары есімі ел аузында жүрген поляк әншісі Анна Германның туған ағасы Теміртауда тұрыпты. Артур Герман Теміртау шаһарындағы №1 мектепте неміс тілінен сабақ берген. Бұл туралы Теміртау тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері жана онлайн-жобасында кеңінен мәлімет берді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірнеше жылдан бері Теміртау тарихи-өлкетану мұражайында «Белгісіз Теміртау» жобасы жұмыс істеп келеді. Онда қала тарихындағы әр кезеңде орын алған түрлі оқиғалар қамтылады. Күн сайын мұрағаттармен және экспонаттармен жұмыс істей отырып, мұражай қызметкерлері қызықты фактілерді кездестіреді һәм оны қала тұрғындарымен бөлісісі келеді. Осылайша, «Теміртаулықтардың өмірінен шағын әңгімелер» атты жана онлайн-жоба дүниеге келді.

Жоба жетекшісі, мұражайдың аға ғылыми қызметкері Татьяна Хмелевананың айтуынша, ештеңе өздігінен болмайды және шағын әңгімелер мозаика сияқты, оның бөліктерінен жаһандық тарих қалыптасады.

– Бұл жоба көлемді экспонат-



тарға негізделмеген. Қызықты әңгімелер бар, алайда олар үшін үлкен көрме ұйымдастыра алмасақ та мәлімет бергіміз келеді. Бүгінде әлеуметтік желілерде осы немесе басқа оқиғаны қысқаша баяндауға мүмкіндік бар. Қазір адамдар да ақпаратты жылдам әрі қысқа алғысы келеді. Сондықтан, біз мұражай ақпаратын ұсынудың ерекше әдісін қолданатын жобаны іске қосуға бел будық, – дейді Татьяна Хмелева.

Жана жоба танымал эстрада әншісі Анна Германның ағасы неміс тілі пәні мұғалімі Артур Герман туралы әңгімемен ашылды. Ол 19 жасында жазықсыз жаланың кесірінен қамауға алынып, Архангельск және Карлаг лагерлерінде жазасын өтеген. 1946 жылы босап шығып, Теміртаудағы жұмысшылар кентін-



де тұрыпты. №1 мектепте неміс тілінен сабақ берген. Мұражай қорында сол кездегі бірнеше фотосурет бар.

Келесі сюжет 1934 жылы Кеңестік мемлекет және саяси қайраткері Сергей Кировтың Самарқанд кентіне сапары туралы баяндайды. Бұл сапар Теміртаудағы алғашқы қалалық саябақтың пайда болуымен тікелей байланысты.

Аталған жоба алдағы уақытта жыл бойы аптасына бір рет қазақ және орыс тілдерінде шығарылады.

Теміртаулықтардың өмірінен алынған тарихи деректерімен ВК әлеуметтік желісінде – Теміртау мұражайы, facebook-те – Теміртау тарихи-өлкетану мұражайы және Instagram-да – @temirtau.muzey паракшасы арқылы танысуға мүмкіндік бар.

• УСТЕЛ ТЕННИСИ

Теннисшілер Катарға аттанды

Оңтүстік Африка тарихта алғаш рет устел теннисінен әлем чемпионатын өткізеді. Дурбан қаласында 20-28 мамыр аралығында өтетін чемпионатқа іріктеу кезеңі 7-13 қаңтар аралығында Катарда өтпек. Ал, осы іріктеу кезеңіне Қазақстан құрамасы да қатысады. Ел құрамасының қатарында қос қарағандылық Алан Құрманғалиев пен Зәуреш Ақашева бар.



Катарда өтетін іріктеу турниріне қазақстандық спортшылар жұптық және аралас разрядта жолдамалар үшін таласады. Құрама команданың сапында Кирилл Герасименко, Ай-дос Кенжеғұлов, Ескендір Харки, Сарвиноз Миркадірова, Анастасия Лаврова, Айя Әлімбаева, Ангелина Романовская сынды спортшылар бар. Ал, құраманың жаттықтырушылар штабында Эльмира Әлиева, Дмитрий Переверзев, Дмитрий Левенко секілді білікті бапкерлер бар. Олар да спортшылармен Катарға бірге аттанады.

Өткенге көз жүгіртсек, әлемдік біріншілік соңғы рет Африка құрлығында 1939 жылы Мысырда өткен болатын.

• ШАХМАТ

Аруларымыз жарады!

Алматыда шахматтан өтіп жатқан әлем чемпионатында Бибісара Асаубаева блицтен – алтын, Динара Сәдуақасова рапидтен (жылдам шахмат) чемпионаттың күміс медалін иеленді.



Чемпионатты ұйымдастырған Халықаралық шахмат федерациясы (FIDE) мен Қазақстан шахмат федерациясы. Долаға 46 мемлекеттен 178 ер мен 98 әйел қатысты. Бұл додада Бибісара Асаубаева блицтен қарсыластарын жолда қалдырып, үздік атанды. Ол былтыр Польша елінде де блицтен әлем чемпионатында жеңіске жеткен болатын. Биыл екі дүркін әлем чемпионы атанды.

Ал, Динара Сәдуақасова норвегиялық Магнус Карлсенге ақтық кезеңде есе жіберіп, күміс медаль олжалады. Норвегиялық спортшы 13 турда 10 ұпай жинап әлем чемпионы атанды.

Ерлер арасындағы блиц турнирде Магнус Карлсен әлем чемпионы атанса, күміс медаль америкалық Хикару Накамураға, қола жүлде армян Хаик Мартиросяңға бұйырды.

Дайындаған
Ербол ЕРБӨЛТАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Жауапты хатшы: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortaltyk.kz@gmail.com; ortaltyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortaltyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмессе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD0003131,
БИК KZJIBKZXXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№2 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басатын. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**